

## Қазақстанның білім беру ұйымдарында инклюзивті практиканы іске асыру

А.М. Шатаева<sup>1</sup>, А.Б. Даркембаева<sup>2\*</sup>, Д.Ж. Оспанова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы



**Аңдатпа.** Мақала Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі жағдайын талдауға арналған. Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін директорлармен, педагогтермен және мамандармен сапалы интервью материалдары негізінде инклюзивті практиканың негізгі көрсеткіштері анықталды: инклюзияның мәнін түсіну, инклюзивті білім беруді ұйымдастыру, оқу материалын бейімдеу әдістерін қолдану, педагогтердің ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге дайындығы, респонденттердің инклюзивті білім беруді іске асыруды бағалауы және оларды жақсарту бойынша ұсыныстары. Зерттеудің эмпирикалық базасын интервьюмен қатар Google Forms форматында педагог қызметкерлерге жүргізілген сауалнама деректері және Қазақстан мектептерінде инклюзивті практиканы іске асыруды реттейтін нормативтік базаны талдау құрады. Ерекше назар қолдаудың кең түрлерін қамтитын психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесіне аударылды (жеке білім беру бағытын ұйымдастыруды қажет ететін балаларды анықтау, инклюзивті білім беру процесіне қатысушыларға консультациялық-әдістемелік көмек көрсету, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды іске асыруды сүйемелдеу және т.б.). Мақала авторлары балалардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша педагогтердің кәсіби дамуын арттыру қажеттілігі, инклюзивті білім беру жағдайында балаларды әлеуметтендіру, оқыту, тәрбиелеу, дамыту іс-шараларын іске асыру мақсатында әртүрлі бейіндегі мамандардың күш-жігерін біріктірудің орындылығы жөнінде қорытынды жасайды.



**Түйінді сөздер:** инклюзивті білім беру, инклюзивті практика, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, жеке оқу бағдарламасы, жеке оқу жоспары, психолого-педагогикалық қолдау, арнайы педагогтер, инклюзивті білім беру ортасы.



**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:**

Шатаева, А. М., Даркембаева, А. Б., Оспанова, Д. Ж. Қазақстанның білім беру ұйымдарында инклюзивті практиканы іске асыру [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №4. – Б. 153-162.

### Кіріспе

Бүкіл әлемде барлық азаматтардың сапалы және қолжетімді білім алу құқығын қамтамасыз ету мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі

болып табылады. 2015-2016 жылдары Қазақстан «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» және «Мүгедектердің құқықтары туралы» конвенцияларды ратификациялады, осылайша білім беру саласындағы мүмкіндік-

тер мен қатынастар теңдігін қамтамасыз етудің жалпы мемлекеттік саясатын ілгерілету бойынша міндеттемелерді өзіне жүктеді [1-4]. Осы құқықтарды іске асыра отырып, елдер ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сапалы инклюзивті білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру процесіне қосуды реттейтін инклюзивті білім берудің заңнамалық базасы қалыптасты [5-9].

«Білім туралы» ҚР заңында «ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)» ұғымы тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар) ретінде айқындалған. Аталған заңда «инклюзивті білім беру» ұғымы «ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» ретінде түсіндіріледі [6]. Қазақстанда инклюзивті практиканы дамытудың маңызды кезеңі 2021 жылы инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Заңның қабылдануы болды [7]. Осы Заң шеңберінде 2022 жылдан бастап арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік тапсырыс енгізілді, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің қызметі реттелді, білім беру ұйымдары басшыларының ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін жағдай жасау жауапкершілігі арттырылды, балалардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеу жөніндегі норма бекітілді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттары әрбір баланың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етеді. Инклюзивті практиканы іске асыруда икемді бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды қоса алғанда, білім беру ұйымдарында ерек-

ше білім беруді қажет ететін балалар үшін арнайы жағдайлар жасауға баса назар аударылады.


## Материалдар мен әдістер

Бұл ғылыми мақаланың негізін деректерді жинаудың аралас әдісін қолдана отырып, авторлар жүргізген зерттеу материалдары құрады. Google Forms форматында сауалнама және жартылай құрылымдық интервью жүргізілді, оған еліміздің 8 өңірінен (Астана, Алматы, Шымкент қалалары, Ақмола, Қарағанды, Атырау, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстары) 30 мектеп директоры, 116 педагог, 109 психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары қатысты. Зерттеу мәселелері бойынша респонденттердің сараптамалық терең пікірлерін алу үшін келесі аспектілер бойынша сұрақтар шеңбері алдын ала анықталды: педагогтердің инклюзивті тәсілді жүзеге асыру практикасы, инклюзияны түсінуі, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге дайындығы, сондай-ақ инклюзивті білім беруді іске асыруды бағалау және жақсарту бойынша ұсыныстары. Сапалы деректерді түсіндіру үшін бастапқы кодтау әдістері қолданылады. Мақала барысында инклюзивті білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құжаттар және зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттер зерттелді. Инклюзивті білім беру жағдайын зерттеуде Т. Бут пен М. Эйнскоудың тәсілдері қолданылды, олар инклюзивті тәжірибенің көрсеткіштері ретінде оқу процесін басқаруды және ресурстарды жұмылдыруды ерекшелейді [10].

## Нәтижелер

Ресми мәліметтер бойынша, бүгінде елімізде 188 мыңнан астам баланың денсаулығына байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар (1-сурет). Олардың саны жыл сайын 7-8%-ға артып келеді. Сонымен қатар ерекше қажеттіліктер оқудағы қиындықтарға, мінез-құлық, психологиялық және эмоциялық мәселелерге, әлеуметтік-экономикалық, тілдік айыр-

машылықтарға және басқа себептерге негізделуі мүмкін. Аталған қажеттіліктері бар балалардың барлығына арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау қажет, себебі олар басқа балалармен бірге оқып, сапалы білім алып, болашақта әлеуметтік өмірдің барлық салаларына үлес қосып, қатысу құқығына ие.



**1-сурет. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының динамикасы, адам.**

*Дереккөз: облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың ПМПК деректері*

Нормативтік құқықтық актіге сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау [11] «білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және бағалауды; ерекше білім беруді қажет ететін педагогтер мен тәрбиеленушінің/білім алушының отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді; ерекше білім беруді қажет ететін балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды және балалардың үш тобына білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде көрсетіледі:

- 1) мінез-құлық және эмоциялық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала-ата-ана және отбасы ішілік қарым-қатынастар) бар;
- 2) әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері (әлеуметтік

қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы, жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, кандастар және т.б. отбасылар) бар;

- 3) даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген және эмоциялық-ерік бұзылыстар бар) балалар [11, 12].

Бұл ретте интервьюге қатысушы директорлардың тек 7%-ы өз мектептерінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың барлық үш тобының психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылғанын атап өтті. Көптеген респонденттер инклюзивті тәсілді ілгерілетуде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен бірлескен жұмыс (кеңес беру, ата-аналарға арналған мектептер, отбасылық клубтар және т.б. ұйымдастыру) қолданылатынын атап өтті.

Мектептерге бару кезінде жергілікті актілер мен бақылауларды зерделеу жалпы білім беретін сыныптарда ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды тікелей сабақта педагог, сондай-ақ арнайы педагогтер (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед) қосымша жеке/топтық сабақтарда жүзеге асыратынын көрсетті. ПМПК ұсынғандары негізінде (қолдаудың бағыты мен ұзақтығы) және оқушының ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің командасы (арнайы педагогтер, педагог-ассистент, педагог-психолог, әлеуметтік педагог және т.б.) жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) әзірлейді. Бұдан әрі педагог ЖОЖ негізінде ерекше білім беруді қажет ететін балаға пән бойынша мектептің педагогикалық кеңесінде бекітілетін жеке оқу бағдарламасын әзірлейді (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бейімдейді). Баланың даму барысын ескере отырып, қажет болған жағдайда бағдарламаға оқу тоқсандарының соңында түзетулер енгізіледі.

Мектеп директорларымен жүргізілген интервьюлерден көптеген мектептерде (93%) психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтері жұмыс істейтіні анықталды. Бұл ретте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының біліктілігі мен кәсібилігіне директорлардың 53%-ы жоғары баға берсе, 47%-ы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға мамандармен көрсетілетін қызметтердің орташа сәйкестік дәрежесін атап өтті.

Мектеп инклюзивті тәсілді қалай жүзеге асыратыны жөнінде сұрақ бойынша директорлардың 97%-ы педагогтер, әкімшілік және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының қатысуымен үлгілік оқу жоспарлары ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың қажеттіліктерін ескере отырып бейімделетінін және олардың негізінде жеке оқу бағдарламалары әзірленетінін хабарлады. Бұл ретте респонденттердің 50%-ынан астамы жеке оқу бағдарламаларының балалардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін орташа деп санайды, респонденттердің 20%-ы болса, төмен баға берді.

Педагогтерге жүргізілген интервью барысында балалардың қандай топтарын ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жатқызуға болатындығы жөнінде сұраққа келесі жауаптар алынды: респонденттердің 44%-ы «денсаулығына байланысты қиындықтары бар балалар», 13%-ы «жазу/оқу/сөйлеуде қиындықтары бар балалар», 12%-ы «мінез-құлық және эмоциялық қиындықтары бар» және «аз қамтылған, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балалар, мигрант балалар, босқындар, оралман балалар» деп атап өтті. Респонденттердің тек 31%-ы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың барлық үш тобын атап өтіп, бұл ұғым жөнінде кең түсініктерін көрсетті.

«Оқу материалын бейімдеудің қандай әдістерін қолдануға болады деп ойлайсыз?» сұрағына педагогтер көбінесе тапсырмалардың жеке нұсқаларын әзірлейтінін және тапсырмаларды беруде жеке әдістерді қолданатындығын көрсетті (тиісінше 27% және 26%). Респонденттердің көбі тапсырмаға берілген нұсқаулықтарды жеңілдетуге және тапсырмалар көлемін азайтуға аз жүгінеді (2-сурет).



2-сурет. Оқу материалын бейімдеу әдістері, %

Педагогтер интервью барысында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды

денсаулығын ескере оқытудың ерекшеліктері туралы білімдерінің деңгейін

келесідей бағалады: 70% – «орташа баға», 20% – «жоғары», 10% – «төмен». Респонденттердің көпшілігі инклюзивті практиканы тиімді іске асыру үшін оларға «мамандардың кеңесі» және әріптестерінің әдістемелік көмегі (56%), 23%-ы оқыту курстарына және 12%-ы дидактикалық материалдарға, 9%-ы педагог-ассистенттің көмегіне қажеттілігі жөнінде пікірлерімен бөлісті.

Интервьюге қатысқан мектеп директорларының 27%-ы инклюзия жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру маңызды деп санайды. Сонымен қатар көптеген басшылардың (60%) пікірінше, мектептердің инклюзивті білім беру жағдайында балаларды оқытуға дайындығын қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, материалдық-техникалық және кадрлық ресурстар қажет.

### Талқылау

Инклюзивті білім беру – барлық балаларға сапалы білім алуға тең мүмкіндік берудің ең тиімді әдісі. Мұндай білім сегрегация мен кемсітушілікті болдырмайды. Алайда еліміздің инклюзивті білім берудің нормативтік базасын құрудағы жетістіктеріне қарамастан, бүгінде инклюзивті практиканы іске асыру процесі елеулі кедергілерге байланысты баяу жүруде. Интервью қорытындысы бойынша ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау үшін арнайы педагогтер мен педагог-ассистенттердің жеткіліксіздігіне байланысты мектептердің инклюзивті практиканы іске асыруға толық дайын еместігі анықталды. Респонденттердің пікірінше, бейімделген оқу ортасын құру мәселесі әлі де өзекті болып қала беруде. Десе де, Ұлттық білім беру деректер қоры инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептердің жоғары үлесін көрсетеді (2023 ж. – 85%). Мұндай жоғары көрсеткіштің ықтимал себебі, өңірлердің дерекқорды толтырған кезде пандустардың болуын ғана ескеруі, бұл ретте ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін мектептердің қолжетімділігін қамтамасыз

етудің басқа да маңызды шарттары есепке алынбай қалуда (кадрлық, оқу-әдістемелік және басқа да ресурстар).

Инклюзивті практиканы іске асырудағы басты мәселе – педагогтердің әртүрлі қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне қосуға дайын еместігі. Респонденттердің бейімделген оқу жоспарлары мен жеке оқу бағдарламаларының құрылуы жөнінде мәлімдемелеріне қарамастан, интервью деректерін талдау мектеп ұжымдарының осындай құжаттарды әзірлеуде қиналатынын көрсетеді. Интервьюге қатысқан мектеп педагогтерінің 70%-ы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерекшеліктері туралы білімдерін инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеуге жеткіліксіз деп санайды. Осы мәселе бойынша мақала авторлары сыртқы мамандармен өзара әрекеттесуді қажет деп санайды. Атап айтқанда, арнайы білім беру педагогтерімен ынтымақтастықта инклюзивті практика жағдайында жұмыс істейтін педагогтер тұлғааралық қатынастар мәдениетін, командада жұмыс істеу дағдыларын, өзін-өзі бақылауды, эмоциялық тұрақтылықты және шешім қабылдаудың тәуелсіздігін дамытуға бағытталған ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеудің арнайы әдістерін (мысалы, когнитивті терапия) игере алады. Бұл сонымен қатар білім алушылардың әртүрлі білім беру қажеттіліктеріне жауап беру үшін педагогтердің кәсіби дамуын күшейту қажеттілігін көрсетеді. Инклюзивті саясатты дамыту негізінде инклюзивті білім беру тәжірибесін құру барлық балаларға физикалық және әлеуметтік және интеллектуалдық ерекшеліктер мен қажеттіліктерден бастап қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл балалардың белгілі бір санатындағы қиындықтарға назар аудармай, барлық білім алушылардың әлеуетін дамытады.

Сонымен қатар интервью нәтижелері мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының басым бөлігі – 47,7% мүмкіндігі шектеулі балалармен (психикалық денсаулығы, сөйлеу қабілеті, зияты, көру қабілеті, есту қабілеті

зақымдалған, тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар, аутистік спектр бұзылыстары бар балалар) жұмыс істейтінін көрсетеді (52 адам), олардың көпшілігі дефектологтар – 17,4% (19 адам). Ал мамандардың тек 25,7%-ы (28 адам) барлық балалармен жұмыс істейді, олардың ең көп үлесін педагог-психологтер құрайды – 71,4% (20 адам). Демек, мектеп тәжірибесінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда медициналық тәсіл әлі де басым. Бұл модельге сәйкес мүмкіндігі шектеулі бала белгілі бір диагнозы бар бала ретінде қарастырылады, және оның қиындықтары бұзушылықтарын түзету арқылы шешіледі [13]. Керісінше, қазіргі уақытта Қазақстан ұмтылып отырған әлеуметтік модельге сәйкес: «мүгедектік пен мүмкіндіктердің шектелуі кедергілер тудырмайды, керісінше қоршаған физикалық және әлеуметтік орта кедергілер тудырады» [14].

Мектеп мұғалімдерімен және мамандарымен сұхбат нәтижелері ата-аналардың инклюзивті білім беру жүйесіне әлсіз қатысуын және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың отбасыларына консультациялық көмек көрсету бойынша мектептердің жеткіліксіз жұмысын көрсетті. Осылайша респонденттердің ешбірі ата-аналардың ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке оқу бағдарламаларын әзірлеуге тікелей қатысуы жөнінде оң жауап берген жоқ, тек бір респондент қана бағдарламаны әзірлеу кезінде ата-аналардың пікірлерін есепке алу жөнінде пікірін білдірді. Мектеп директорларының кейбірі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен бірлескен жұмысты ұйымдастыру туралы (кеңес беру, ата-аналарға арналған мектеп, отбасылық клубтар және т.б.) мәлімдеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері жоқ, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеудегі отбасы рөлінің маңыздылығы сөзсіз. Көптеген зерттеулер ата-аналардың балаларының білім алуына қатысуы білім алушылардың оқу үлгерімін арттыруға және оқуға деген көзқарасын жақсартуға әсер ететінін көрсетеді. Зерттеушілермен «отбасы мен мектеп арасындағы жақсы қарым-қаты-

нас ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы сыныпқа интеграциялануына оң әсер ететінін» дәлелденді. Олар сондай-ақ «ата-аналар мен қамқоршылар қауымдастығының болуы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоғамға қосуда жақсы отбасылық және мектеп қатынастарына ықпал етуі мүмкін» деп атап өтті [15-219].

Инклюзивті білім беруді іске асыруды барлығына бірдей қолжетімділік ретінде заңнамалық бекіту, қоғамның ерекше білім беруді қажет ететін балаларға деген көзқарасын өзгерту және мемлекет тарапынан олардың проблемаларына назарды күшейту педагогикалық практиканың әдіснамалық негіздерін және білім беру мазмұнының құндылықтарын қайта қарауды талап ететін Қазақстанның білім беру жүйесін дамытудағы прогрессивті қадам болып табылады.

## Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, елімізде инклюзивті оқытуды ұйымдастыру және іске асыру мәселелері ғылыми-әдістемелік аспектіде одан әрі шешуді талап етеді деген қорытынды жасауға болады. Мемлекетке барлық балаларды қолдауға мүмкіндік беретін инклюзивтілік және қолжетімділік қағида-дәттары негізінде білім беру практикасын құру үшін ғылыми-әдістемелік негіздеу және білім берудің инклюзивтілігі мен қолжетімділігін қамтамасыз етудің жүйелі тетіктерін әзірлеу қажет.

Атап айтқанда, инклюзивті ортада жұмыс істеу үшін педагогтердің үздіксіз біліктілігін арттыруға назар аудару қажет. Педагогтердің бірлескен және белсенді дамуына ықпал ететін, олардың қажеттіліктеріне жауап беретін, сондай-ақ белгілі бір мектептің сипаттамаларына бейімделген мектеп негізінде біліктілікті арттыру курстарын қолдау маңызды. Сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін оқу жағдайлары мен ортасының сапалы және тұрақты өзгеруі үшін арнайы педагогтер мен арнайы ұйым-

дардың қолдауы қажет екенін атап өту маңызды.

Ата-аналарды білім беру процесіне тарта отырып, отбасымен және қоғаммен серіктестікті дамыту, барлық балаларға, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қатысты ата-аналар арасында түсіністікті арттыру қажет. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының артуы педагогикалық қоғамдастықтың алдына инклюзивті білім беру жағдайында балаларды әлеуметтендіру, оқыту, тәрбиелеу, дамыту іс-шараларын іске асыру мақсатында әртүрлі бейіндегі мамандардың күш-жігерін біріктіру міндетін қояды.

### Қаржыландыру жөнінде ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық моделі» (2023-2025 жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында жүргізілді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция (1989 ж.) [Электронды ресурс] // URL: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/childcon.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml) (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
2. Бала құқықтары туралы Конвенция (1989 ж.) [Электронды ресурс] // URL: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/childcon.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml) (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
3. Қазақстан Республикасының «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V Заңы [Электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000288> (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
4. Қазақстан Республикасының «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы» 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 449-V Заңы [Электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000449> (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
5. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы [Электронды ресурс] // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)

6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы [Электронды ресурс] // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
7. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңы [Электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056> (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
8. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы [Электронды ресурс] // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_) (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
9. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы [Электронды ресурс] // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_) (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
10. **Бут Т., Эйнскоу М.** Показатели инклюзии [Электронный ресурс]: практическое пособие / под ред. М. Вогана; пер. И. Анисеева; под общ. ред. М. Перфильевой. – М.: Перспектива, 2013. URL: <http://www.gosbook.ru/node/37022> (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы [Электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513> (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы [Электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> (қаралған күні: 15.10.2023 ж.)
13. **Lapham, K., & Rouse, M.** (Eds.). (2013). Learning to see invisible children: Inclusion of children with disabilities in Central Asia. Central European University Press.
14. **Тарасенко, Е. А.** Социальная политика в области инвалидности: кросскультурный анализ и поиск оптимальной концепции для России // Журнал исследований социальной политики. – 2004. – Т. 2. – №. 1. – С. 7-28.
15. **Gallo, A. E., & Alencar, J. D. S. A.** (2012). Psicologia do desenvolvimento da criança. CESUMAR, Centro Universitário de Maringá. Maringá.
16. **Cardoso, M. R. C. A.** (2011). Inclusão de alunos com necessidades educativas especiais no ensino básico (Doctoral dissertation) // URL: <https://comum.rcaap.pt/bitstream/10400.26/107591>
17. **Fernández, A.** (2001). Os idiomas do aprendente. Porto Alegre: Artmed, 51-62.

18. **Gabriel, R. S. N.** (2020). Morin, E.(2000). Os sete saberes necessários à educação do futuro. São Paulo: Cortez, Brasília, DF: UNESCO, 2000.
19. **Picanço, A. L. B.** (2012). A Relação entre Escola e Família: as suas implicações no processo de ensino-aprendizagem (Doctoral dissertation) // URL: <https://comum.rcaap.pt/bitstream/10400.26/2264/1/>

## References

1. Bilim beru salasındaғы kemsituşılıkke qarsy küres turaly konvensia (1989 j.) [Convention against Discrimination in Education] [Elektronny resurs] // URL: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/childcon.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml) (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
2. Bala qūyqtary turaly Konvensia (1989 j.) [Convention on the Rights of the Child] [Elektronny resurs] // URL: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/childcon.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml) (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
3. Qazaqstan Respublikasynyñ «Mügedekterdiñ qūyqtary turaly konvensiany ratifikasialau turaly» 2015 jylǵy 20 aqpandaǵy № 288-V Zańy [Law on ratification of the Convention on the Rights of Persons with Disabilities] [Elektronny resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000288> (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
4. Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim beru salasındaǵy kemsituşılıkke qarsy küres turaly konvensiany ratifikasialau turaly» 2016 jylǵy 28 qańtardaǵy № 449-V Zańy [Law on ratification of the Convention against Discrimination in Education] [Elektronny resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000449> (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
5. 1995 jylǵy 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldanǵan Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy [Constitution Of The Republic Of Kazakhstan] [Elektronny resurs] // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/k950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/k950001000_) (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
6. Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim turaly» 2007 jylǵy 27 şildedeǵy № 319 Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan on education] [Elektronny resurs] // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0700000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0700000319_) (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
7. Qazaqstan Respublikasynyñ «Qazaqstan Respublikasynyñ keibir zańnamalyq aktlerine inklüzivti bilim beru máseleleri boiynşa ózgerister men tolyqtırular engizu turaly» 2021 jylǵy 26 mausymdaǵy № 56-VII Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan on amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on inclusive education] [Elektronny resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z21000000056> (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
8. Qazaqstan Respublikasynyñ «Qazaqstan Respublikasındaǵy balanyñ qūyqtary turaly» 2002 jylǵy 8 tamyzdaǵy N 345 Zańy [Law on the rights of the child in the Republic of Kazakhstan] [Elektronny resurs] // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0200000345\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0200000345_) (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
9. Qazaqstan Respublikasynyñ «Kemtar balalaryd äleumettik jáne medisinalyq-pedagogikalyq tüzeu arqyly qoldau turaly» 2002 jylǵy 11 şildedeǵy N 343 Zańy [The Law on Social, Medical and Pedagogical correctional support for children with Disabilities] [Elektronny resurs] // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0200000343\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0200000343_) (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
10. **But T., Jejnskou M.** Pokazateli inkluzii [Inclusion indicators] [Elektronnyj resurs]: praktičeskoe posobie / pod red. M. Vogana; per. I. Anikeeva; pod obshh. red. M. Perfil'evoj. – M.: Perspektiva, 2013. URL: <http://www.gosbook.ru/node/37022> (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
11. Qazaqstan Respublikasy Bilim jáne ǵylym ministriniñ «Mektepke deingı, orta, tehnikalyq jáne käsıptik, orta bilimnen keingı bilim beru, qosymşa bilim beru üiymdarynda psihologialyq-pedagogikalyq qoldap otyru qaǵıdalaryn bekıtu turaly» 2022 jylǵy 12 qańtardaǵy № 6 büiryǵy [The order on approval of the Rules of psychological and pedagogical support in organizations of preschool, secondary, technical and vocational, post-secondary education, additional education] [Elektronny resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513> (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
12. Qazaqstan Respublikasy Bilim jáne ǵylym ministriniñ «Erekşe bilim beru qajettiliklerin baǵalau qaǵıdalaryn bekıtu turaly» 2022 jylǵy 12 qańtardaǵy № 4 büiryǵy [Order approving the Rules for Assessing Special Educational Needs] [Elektronny resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> (qaralğan küni: 15.10.2023 j.)
13. **Lapham, K., & Rouse, M.** (Eds.). (2013). Learning to see invisible children: Inclusion of children with disabilities in Central Asia. Central European University Press.
14. **Тарасенко, Е. А.** Социальная политика в области инвалидности: кросскультурный анализ и поиск оптимальной концепции для России // Журнал исследований социальной политики. – 2004. – Т. 2. – №. 1. – С. 7-28.
15. **Gallo, A. E., & Alencar, J. D. S. A.** (2012). Psicologia do desenvolvimento da criança. CESUMAR, Centro Universitário de Maringá. Maringá.
16. **Cardoso, M. R. C. A.** (2011). Inclusão de alunos com necessidades educativas especiais no ensino básico (Doctoral dissertation) // URL: <https://comum.rcaap.pt/bitstream/10400.26/10759/1>
17. **Fernández, A.** (2001). Os idiomas do aprendente. Porto Alegre: Artmed, 51-62.
18. **Gabriel, R. S. N.** (2020). Morin, E.(2000). Os sete saberes necessários à educação do futuro. São Paulo: Cortez, Brasília, DF: UNESCO, 2000.
19. **Picanço, A. L. B.** (2012). A Relação entre Escola e Família: as suas implicações no processo de ensino-aprendizagem (Doctoral dissertation) // URL: <https://comum.rcaap.pt/bitstream/10400.26/2264/1/>



## Реализация инклюзивной практики в организациях образования Казахстана

А.М. Шатаева<sup>1</sup>, А.Б. Даркембаева<sup>2</sup>, Д.Ж. Оспанова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова,

г. Шымкент, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Республика Казахстан

<sup>3</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан



**Аннотация.** Статья посвящена анализу современного состояния развития инклюзивного образования в Казахстане. На основе материалов качественных интервью с директорами, учителями и специалистами, работающими в условиях инклюзивного образования, раскрыты ключевые показатели инклюзивной практики: понимание сущности инклюзии, особенности организации инклюзивного подхода, применение методов адаптации учебного материала, готовность педагогов к работе с детьми с ООП, оценка респондентами реализации инклюзивного образования и предложения по улучшению. Эмпирическую базу исследования составили также данные анкетирования педагогических работников в формате Google Forms и анализ нормативной базы, регулирующей реализацию инклюзивной практики в школах Казахстана. Особое внимание уделено системе психолого-педагогического сопровождения, включающей широкие виды поддержки (выявление детей, нуждающихся в организации индивидуального образовательного маршрута; оказание консультационно-методической помощи участникам инклюзивного образовательного процесса; сопровождение реализации индивидуальных учебных планов и индивидуальных программ и др.). Авторы статьи делают выводы о необходимости усиления профессионального развития педагогов по адаптации учебных программ в соответствии с индивидуальными потребностями и возможностями детей, целесообразности объединения усилий специалистов разных профилей с целью реализации мероприятий их социализации, обучения, воспитания, развития в условиях инклюзивного образования.



**Ключевые слова:** инклюзивное образование, инклюзивная практика, дети с особыми образовательными потребностями, индивидуальная учебная программа, индивидуальный учебный план, психолого-педагогическое сопровождение, специальные педагоги, инклюзивная образовательная среда.

## Implementation of inclusive practice in the organization of education in Kazakhstan

A.M. Shataeva<sup>1</sup>, A.B. Darkembaeva<sup>2</sup>, D.Zh. Ospanova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekili Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan



**Abstract.** The article is devoted to the analysis of the current state of development of inclusive education in Kazakhstan. Based on the materials of high-quality interviews with principals, teachers and specialists working in inclusive education, the key indicators of inclusive practice are revealed: understanding the essence of inclusion, features of the organization of an inclusive approach, the use of methods of adapting educational material, teachers' readiness to work with children with OOP, respondents' assessment of the implementation of inclusive education and suggestions for improvement. The empirical basis of the study was also made up of data from a survey of teaching staff in the Google Forms format and an analysis of the regulatory framework governing the implementation of inclusive practice in schools in Kazakhstan. Special attention is paid to the system of psychological and pedagogical support, which includes wide types of support (identification of children in need of organizing an individual educational route; provision of consulting and methodological assistance to participants in the inclusive educational process; support for the implementation of individual curricula and individual programs, etc.). The authors of the article draw conclusions about the need to strengthen the professional development of teachers to adapt curricula in accordance with the individual needs and capabilities of children, the expediency of combining the efforts of specialists of different profiles in order to implement measures for their socialization, education, upbringing, development in an inclusive education environment.



**Keywords:** inclusive education, inclusive practice, children with special educational needs, individual curriculum, psychological and pedagogical support, special teachers, inclusive educational environment.

*Материал баспаға 15.11.2023 ж. келіп түсті*